

К.А.Сагадиев

Өмір талабымен үндестік
Қазақстанның аграрлық жоғары
білімі мен ғылымына 70 жыл
(Егемен Қазақстан 16 қараша 1999ж.)

АЛМАТЫ 1999

Республикада аграрлық білім мен ғылымның қалыптасуы ауыл шаруашылығы өндірісінің қурылымдары пайда болып, оның дамуы ғылым негізге қою талабына сәйкес жүргізіліп келеді. Егер 1918 жылы Верныйда 22 оқушылық ауылшаруашылық училищесі ұйымдастырылып, 1921 жылы Орынборда алғашқы рабфак жұмыс істей бастаса, қолға алынған шаралардың арқасында 1926 жылы Қазақстанда 1 малдәрігерлік-зоотехникалық, 2 орман шаруашылығы және 8 ауыл шаруашылығы техникумында 1443 оқушы оқыды, олардың 673-і қазақ жастары еді.

Өлбегте, мұндай жойт республиканың мамандарға деген өскелең сұранысын тіпті де қанағаттандыра алмады. Оның үстіне ауылдағы өмір салтын түбірінен өзгерту, жаңа ірі шаруашылықтар ұйымдастыру, өндірісті жүргізудің прогресшіл өдістерін кеңінен енгізу, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы мәдениетін арттыру мақсатындағы мемлекеттік бағдар біліктілігі бұрынғыдан жоғары кадрлар даярлауды талап етті. 1930 жылы елде 198 тракторды топтастырған 5 МТС болып, шаруалардың 30 пайызы ұжымдық шаруашылықтарға біріккен болатын. Ал шаруашылықтарда бар-жоғы 83 агроном, бұдан да аз мал дәрігерлері еңбек етті. Міне, осындай жағдайда Алматыда 1929 жылы Малдәрігерлік, 1930 жылы Қазақ ауылшаруашылық институттары ашылды.

Осымен бір мезгілде ұлттық ғылыми-техникалық интеллигенцияны жасақтау мәселесі де шешіле бастады. Ресейдің ірі өнеркәсіптік және ғылыми орталықтарында көптеген қазақстандықтар техникалық тәжірибеден өтіп, сапартаулар жүргізудің кабинетіне баулылды, зерттеу өдістемелерін меңгеріп, қажетті білім алып жатты. Мәселен, 1933 жылы республикадан тыс жерлерде 17 мыңнан астам қазақстандықтар оқып жүрді.

Осынау тарихи мысал Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халықтар арасындағы достықты нығайту, елдер арасындағы ықпалдастық пен ынтымақтастықты барынша дамыту, ұлттық кадрларды өлеңнің дамыған елдерінің оқу орындары мен ғылыми орталықтарында даярлау жөнінде ұстанып отырған саясатының көрсендігін дәлелдей түседі.

Ашылған жаңа институттардың қалыптасуы мен дамуы қиын жағдайда жүрді — ғимараттар мен оқу-лаборатория жабдықтары, білікті оқытушылар жетіспеді. Алайда одақтық үкіметтен бастап жергілікті басшыларға дейін бәрі де қолдан келген көмегін көрсетіп бақты: қажетті жабдықтар алынып, тұрғын үйлер мен жатақханалар салына бастады, институт ұжымы оқушылар, әсіресе қазақ жастарын іздестіріп, оларды қысқа мерзімді курстарда оқытумен айналысты. Ал профессор-оқытушы құрамы жасақтау Ресей мен Украинадан шақырылғандар, сондай-ақ жақсы даярлықтан өткен жергілікті мамандардың есебінен жүргізілді.

Институттардың алғашқы директорлары профессор И.В.Сайкович пен О.Жандосовқа айрықша күрделі мәселелерді шешуге тура келді. Оқу орнының тұңғыш профессорлары мен оқытушылары қатарында қазақ зиялыларының Ә.Ермеков пен М.Әуезов, сондай-ақ Х.Нұрмұхамедов, Б.Бірімжанов, Х.Чурын, А.Сембаев, К.Бабаев, К.Мынбаев, Е.Тайбеков және басқа көптеген өкілдері болды. Зоовет институты ашылған кезде 7 ауылшаруашылық институтында 3 кафедра болған еді. Олардың жұмысын және жалпы институттардағы ғылыми жұмыстарды жолға қойды профессорлар В.Лукиннің, Б.Домбровскийдің, В.Авербургтің, академиктер С.Вышелесскийдің, Д.Зыковтың, профессорлар М.Ивановтың, М.Калмаковтың, Н.Орловтың, С.Аманжоловтың

және басқаларының өлшеусіз үлесі бар.

Зоотехникалық-малдәрігерлік институтын 49 зоотехник пен 93 мал дәрігері 1932 жылы бітіріп шықты. Ал ауылшаруашылық институтының алғашқы түлектерінің саны 78 болатын.

Бұдан кейінгі кезеңде жоғары ауылшаруашылық білімі бар кадрларды даярлау жылдан жылға өсе берді. Айталық, 1940 жылы екі институтқа бес мамандық бойынша қабылдау жүргізіліп, оларда 874 студент болды, осы кезге дейін оларды 1122 адам бітіріп шыққан болатын.

Барша қазақстандықтар секілді институт оқытушылары мен түлектері Ұлы Отан

айналысуда. Олардың арасында 3 Кеңес Олағының Батыры, 25 Социалистік Еңбек Ері, КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің, республика Парламентінің 70-тен астам депутаты, 210-нан астам ғылым докторлары, көптеген белгілі қоғам қайраткерлері бар.

Жоғары және орта білім саласын одан әрі дамыту, оқу орындарының ғылыми-педагогикалық өдеуі мен материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану, агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандар даярлау сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы сәуірдегі қаулысы бойынша

экономика және менеджмент мәселелері бойынша жеткілікті өзіндік мөселерген. Біздің пікірімізше, мұндай маман кез келген ауылшаруашылық өндірісін дербес жүргізу үшін өзірленіп, қатардағы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге техникалық-экономикалық және технологиялық көмек көрсете білуі керек.

1996 жылғы қазанда университеттің жанынан Фермерлердің жоғары мектебі ашылды, ол фермерлік, шаруа қожалықтарының, басқа да ауылшаруашылық құрылымдардың, ауылдық және аудандық өкілдердің жетекшілеріне шаруашылық жүргізудің нарықтық өдістері, өндірістің осы заманғы технологияларын, егіншілік және малшаруашылық өнімдерін сақтау мен өңдеу, жемшөп өзірлеу мен пайдалану, электрмен жабдықтау, малдәрігерлік ісін ұйымдастыру, фермерлік шаруашылыққа қажетті мошинелер жүйелері, менеджмент пен маркетинг, салықтың құқықтық ережелері, кредиттеу, сақтаушы және бизнес жоспарлар жасау бойынша қажетті білім көлемін берді.

1998 жылғы қыркүйекте ауылдағы реформаны кадрлық қамтамасыз етуге және ауылдағы тауар өндірушілерге жәрдемлесу мақсатында «Агробизнес» консалтингтік орталығы ашылды. Сол секілді лизинг және лизингтік бизнес білімін кеңінен тарату мақсатында 1999 жылғы наурызда «Лизинг» орталығы іске кірісті. Екі орталық та біздің ғалымдарымыз шетелдік жобалар бойынша ұтып алған гранттар негізінде құрылды.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту университетте оны өркендетудің басым бір міндеті ретінде қарастырылады. Бұл жұмыстың негізгі бағыттары шет елдердің аграрлық университеттерімен, ғылыми орталықтарымен және жекелеген ғалымдармен тығыз шығармашылық байланыстар орнату, шетелдік инвестициялар, гранттар және демеушілік көмектер тарту мақсатымен бірлескен жобаларды талдап жасау, университетіміздің халықаралық ғылыми және білім кеңістігіне шығуын қамтамасыз ету, валютасыз негізде студенттер, аспиранттар мен оқытушылар алмасу, шетел тілдерін оқытуды, шетелдік азаматтарға білім беруді ұйымдастыру болып табылады. Қазірдің өзінде осынау жұмыста ілгерілеушілік байқалады. Қазіргі кезде Германияның, Ұлыбританияның, Израилдің, Нидерландтың, Қытайдың, Монголияның, АҚШ-тың, Ресейдің, Беларусь Республикасының және Кыргызстанның оқу орындарымен ынтымақтастық жолға қойылған.

Университет бүгінде ірі ғылыми мектептерімен және көрнекті ғалымдар шоғырымен танымал. Олардың жетістіктері мен қызмет нәтижелеріне ауылшаруашылық дақылдары мен сүректің 37 сорты, гибридті және формалары, малдардың 12 жаңа тұқымы мен тұрпаттары, 30 ваксина, диагностикалық, тағамдық және емдік препараттар мен өнімдер, мошинелердің, механизмдер мен олардың жұмысын органдарының ондаған конструкциясы, 500-ден астам докторлық, кандидаттық диссертациялар, өнертабыстар мен патенттерге 200 авторлық куәлік, 800-ден астам өндірістік ұсыныстар, ғылыми еңбектердің 70 томы, 600 кітап пен монографиялар кіреді.

Адам қызметінде, соның ішінде білім беру қызметінде жетілдіру процесі шын мәнінде шексіз. Бойына тамаша дәстүрлер мен жетпіс жылдық ұлағ-асыр тәжірибе жинақтаған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ұжымы өзінің құрылуына негіз болған екі ірі ауылшаруашылық жоғары оқу орындарының ізгі істерін дақты жалғастырумен қатар, олардың жетістіктерін еселей түсуле.

Өмір талабымен үндестік

Қазақстанның аграрлық жоғары білімі мен ғылымына 70 жыл

Кенжегалн САҒАДИЕВ,
Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры, академик.

соғысы жылдарында елімізді қорғауға және тылда бәрін де жеңіс үшін жұмылдыруға белсене ат салысты. Отан алдындағы парыз сезімін басшылыққа алған доценттер Н.Фатыхин, В.Унир, С.Исаев, оқытушылар Г.Қонақбаев, С.Ефимов, В.Захаров және малдәрігерлік институттың 37-і студенті еріктілер қатарында майданға аттанды. Олардың бәрі де қан майданда ерлік өнегесін көрсетті. 28 гвардияшы-панфиловшылардың бірі Өлікбай Қосаев ұжымның айрықша мақтанышы болып табылады. Майдан даласында опат болған өріптестеріміз бен түлектерімізді кастерлеп еске алып, елге жеңіспен оралған соң оқу орындарының жұмысына белсене кіріскен ардагерлерімізді құрмет тұтамыз. Көптеген майдангерлер аталған екі институтқа оқуға түсіп, кейіннен белгілі ғалымдарға, ауыл шаруашылығының майталман кадрларына айналды. Олардың мол өдеуі кейіннен тың игеру жылдарында және мал шаруашылығын өркендету міндеті қойылған тұста асқан тиімділікпен пайдаланылды. Өндірістің және халықтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында қабылдау жоспары ұлғайтылып, беретін мамандықтар саны көбейді, кадрларды сырттай оқыту арқылы даярлау формасы енгізілді. Осылайша 1950 жылы ҚазАШИ-де Ұш-жаңа факультет ашылып, негізгі төрт мамандық бойынша сырттай оқыту қолға алынды. Осы кезеңде профессорлар мен оқытушылардың саны артып, сапасы өсті: егер 1940 жылы екі институтта жұмыс істеген 117 оқытушының арасында 11 ғылым докторы, профессор және 38 ғылым кандидаты, доценттер болса, 1950 жылы жалпы оқытушылар саны 239-ға, ғылым докторлары мен кандидаттарының саны 88-ге жетті.

Тұтастай алғанда 70 жылдық қызметінде оқу орындарының екеуі де оқу-тәрбие және ғылыми жұмыстарды ұйымдастырудың мол тәжірибесін жинақтап, республика экономикасының аграрлық секторын дамытуға елеулі үлес қосты. Осы мерзімде Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтымен Қазақ ауыл шаруашылығы институтында ауыл және орман шаруашылығының 67 мыңнан астам жоғары білікті маманы даярланып, олар аграрлық өндірісті, ғылым мен білімді дамытуда өнеге көрсете білді, қазір де жасампаздық істермен

екі институт пен үш колледждің базасында Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті құрылды.

Университет ұйымдасқан кезінде оның 11 факультеті мен 85 кафедрасы бар болатын, онда 19567 студент оқып, 1015 профессор мен оқытушылар қызмет істейтін, олардың 65-і ғылым докторы, 301-і ғылым кандидаты.

Жаңадан ұйымдастырылған университетке Үкімет қаулысымен жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында үш басынқы міндет анықталды:

— еңбек рыногының қажеттіліктеріне бағдарланған, университеттік деңгейдегі білімі бар жоғары білікті мамандар даярлауды түпкілікті мақсат ете отырып, оқу орнының бүкіл оқу-ұйымдық қызметін біртіндеп қайта құру және қайта бағдарлау;

— университеттің жұмысын нарық жағдайларына барынша сәйкестендіру мақсатында оны басқару, ұстау және оның бөлімшелерінің қызметін құрылымдық қайта құру;

— тұрақты тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыруды ұйымдастыру, білімнің деңгейі мен мазмұнын жалпы өлемдік қалыптартуға көшіру мақсатында халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту.

Осы басынқы міндеттерді шешу және университетті дамыту бағдарламасын іс жүзінде асыру жолында өткен үш жарым жылдың ішінде ұжым елеулі жұмыстар атқарды.

Университетте ауылшаруашылық биотехнологиясы, агроэкология, аграрлық құқық, халықаралық экономикалық қатынас, ауылшаруашылық өнімдерін стандарттау және сертификақтау, табиғат пайдалану экономикасы секілді бірқатар жаңа мамандықтар ашылды.

Солардың ішінде «Фермерлік іс» және «Агроменеджмент» жаңа мамандықтарына айрықша тоқталған жөн. Ауылда жекешелендіру өткізілгеннен кейін еліміздің ұзақ мерзімді аграрлық саясаты негізінен фермерлік шаруашылыққа және жалпы құрылымдағы шаруашылық жүргізудің басым формасы ретінде, соған сәйкес субъектілерге бағдарланған. Бұл мамандықты бітірген түлектер биологиялық шикілдегі іргелі пәндер бойынша, егіншілік шикілдегі арнайы пәндер бойынша жақсы даярлықтан өтіп, сондай-ақ механикаландыру технологиялары мен техникасы, есеп,

